

болған, тағдырдың әлегіне мойын ұсынбаған ұлы тұлға. Оның қазақ тілі білімінде ғана емес, геометрия, физика, акустика, математика ғылымдарына қосқан үлесі мол. Ғалым еңбектерін насихаттау мен түсіндіру – маңызды міндеттердің бірі.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Үш томдық шығармалар жинағы [Мәтін] : зерттеу мақалалар / Е. Омарұлы ; [жауап. ред.: О. Жұбаева, Ә. Ахмет] ; А. Байтұрсынұлы атынд. Тіл білімі ин-ты ; ҚР Ұлттық кітапханасы ; ҚР Орталық мем. архиві ; Л. Н. Гумилёв атынд. ЕҰУ ғыл. кеңесі .- Астана : Алашорда, 2018, 1-том .– 397 б.
2. Д.Қамзабекұлы «Алаш зиялыларының отандық білімді жүйелеу тұжырымдамасы» мақаласы

ӘОЖ 378'147

## ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОРТА МЕКТЕПТЕ ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЫ

Қаңғылбай Ақерке Әділбайқызы

[aadilbaikyzy@mail.ru](mailto:aadilbaikyzy@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ қазақ тіл білімі кафедрасының магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Ш. Құрманбаева

Ұрпақ тәрбиесі қай заманда болсын алдыңғы орында екені белгілі. Қазіргі заманғы білім беру саласында мұғалімдердің алдына қойылған міндеттердің бірі – ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын, ұлттық құндылықтар мен жалпыадамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын толық кемелді, ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеу. Ол үшін мұғалім жеке тұлғаны тануға, түсінуге ұмтылу керек. Ең бастысы, оқушыларға білім беруде оларға рухани тәрбие беруді дұрыс жолға қою, тілді меңгерте отырып, оқушыға ұлттық құндылықтар арқылы тәрбие беру қажет.

Құндылық дегеніміз – жас ұрпаққа тәрбие мен білім берудегі адамгершілікке бағытталған мұраттар. Тарихқа көз жіберсек, құндылық және рухани – адамгершілік құндылықтар жөніндегі идеялардың сонау ежелгі философтар Конфуций, Сократ, Платон, Аристотель еңбектерінен бастау алып, орта ғасыр ойшылдары Әл-Фараби, Ж.Баласағұни және одан кейінгі ғұламалардың еңбектерінде жалғасын тапқан. Сондай-ақ, Ш.Уәлиханов, А.Құнанбаев, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов сынды ағартушылар еңбектерінің алатын орны ерекше.

Құндылық бағдар жүйесі өздігінен кез келген қоғамның ішкі құрылысын ұйымдастырады және маңызды әлеуметтік жағдайды реттеуде ең маңызды екі сапаға ие: біріншісі – тұрақтылық, екіншісі – құбылмалылық. Құндылық бағдардың ауыспалы, құбылмалы болуы сол қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық дағдарысты немесе қарқынды шапшаң дамуды байқатады деген белгілі француз әлеуметтанушысы Э.Дюркгейм [1]. Қоғамдағы әрбір дағдарыс кейбір құндылықтар мен нормаларды құлдырауға әкелсе, енді біреулері бірі бірінші орынға көтеріліп, жаңа бір әлеуметтік маңызға, жаңа дүниетанымның пайда болуына себепші болады. Құндылық бағдардың астарында мән, мағына, идеал, талап, тілек, қажеттіліктер мен мотивтер сияқты адамның әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктері жатады.

Тұлғаның құндылық бағдар жүйесі оның жеке басының маңызды мінездемелерінің бірі және оның жеке тұлғасының қалыптасуының негізгі критериясы болып табылады. Тұлғаның құндылық бағдарының даму дәрежесі тұлғаның дамуының деңгейін, оның тұтастығы мен

тұрақтылығы жайында ой қорытындылауға мүмкіндік береді. Тұлға құндылықтары – бұл тек қоғамның материалды және рухани құндылықтарының индивид санасындағы таңдамалы бейнеленуі ғана емес; индивид, тұлға құндылықтары ретінде индивидке қатысты оның ортасының «сыртқы» болып көрінетін компоненттері болуы мүмкін. Бұл – ойлар, сезімдер, түсініктер мен бейнелер, елестер мен пайымдаулар тіліне аударылғанда қажеттіліктер мен қызығушылықтар. Тұлғаның құндылықтар бағдары адамның шынайы мінез-құлқымен жиі қарастырылады. Оның кедесідей басты сәттері беріледі: «біріншіден, құндылықтар бағдары тұлғаның бағыттылығын және әлеуметтік белсенділігінің мазмұнын сипаттайды, екіншіден, ол оның әлеуметтік мінез-құлқының реттеушісі ретінде қарастырылады». Қоғам тұлғаға әсер етеді, ал тұлға қоғамға нақты әлеуметтік топ арқылы ықпалын білдіреді. Адамның әлеуметтік ортаға қатынас жүйесінің негізгі элементі құндылықтарға бағдарлану болып табылады. Олар адамдардың әлеуметтік өзара әрекеттестігін, олардың қызығушылықтарының келісуі мен күресуі және адамның мінез-құлқы мен тұлғаның әлеуметтік өмірінің стратегиясын реттеп отырады.

Құндылық бағдар жүйесінің алғышартының реттеуші функциясының толыққанды қалыптасуы жасөспірімдік кезеңде тұрақталады. Л.И. Божович пікірінше «тек қана жасөспірімдік жаста ғана моральді әлемді ұғыну адамгершілікті идеалдар мен принциптер негізінде тұрақталады». Құндылық жүйенің шынайы нақты мағыналы түрде адам бойында болуы оның өмірдің мағынасын түсінгендігін көрсетеді. В. Франклдың пікірі бойынша дәл осы жасөспірімдік шақта өмірдің мән мағынасы туралы сұрақтар өте көп кездеседі. Өртүрлі өмірлік мақсаттарды қоюға деген қажеттіліктің пайда болуы, өмірде өз орнын табу осы жастың айрықша ерекшелігі болып табылады. И.С. Конның зерттеуі бойынша жасөспірімдік кезге тиісті құбылыс бұл өмірлік жоспарды құру, тұлғалық мақсаттары мен мотивтер иерархиясын құрастыру, құндылық бағдардың тұрақталуы тән. Өмірлік жоспар бір уақытта әлеуметтік және этникалық құбылыс ретінде сипатқа ие болып, «кім боламын?», «қандай болу керуе?» деген сұрақтармен шартталады. Жасөспірімдік кезең құндылық бағдар жүйесінің қалыптасуындағы соңғы шешуші кезең болып табылады [2]. Осы тұрғыдан алғанда, балаларда жас кезінен бастап, ең маңызды рухани құндылықтарды: адамгершілікті, ізгілікті, кішіпейілділікті, сыйласымдылықты, имандылықты, мәдениеттілікті, шыншылдықты және басқа да асыл қасиеттерді дамыту керек.

Қазіргі жағдайларда бұны жүзеге асырудың мүмкіндіктері бар:

1. Рухани адамгершілік құндылықтарды кез-келген пәнді оқытудың мазмұнына енгізу;
2. Сыныптан тыс сабақтарды баланың адамдық асыл қасиеттерді игеруіне ықпал ететіндей бағытта ұйымдастыру;
3. Жеке пән ретінде жүргізілетін сабақтардың бағдарламасына енгізу.

Рухани тәрбие өзінің қуатын әлемнің әрбір құбылысынан алуы мүмкін. Олай болса, кез-келген оқу пәні балалардың адамгершілігін, жақсы мінез-құлығын қалыптастыру құралы бола алады. Қазақ тілі сабағын әдебиет пәнімен байланыстыра отырып, оқушыларды ертегі, жаңылтпаш, жұмбақ, мақал-мәтелдер, аңыз әңгімелер мен шешендік сөздер арқылы ұлттық құндылықты бағалай білуге үйрету керек. Ұлттық құндылық дегеніміз – қазақ халқының сан ғасырлар бойы қалыптасқан, талай өмір сынынан өтіп, ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып бүгінге жеткен әдет-ғұрып, салт-дәстүр негізінде тәлім-тәрбие үлгілері арқылы ұрпақ бойына сіңіретін адами қасиеттер [3].

Қазақ халқының бай мәдени мұрасының бір саласы – ұлттық ойындар. Ұлттық ойындар бүгінде ұлттық тәрбие беруде қолданылатын құралдардың бірі деуге болады. Ұлттық ойындар баланың денесін шынықтырып, оған күш-қуат беріп, шапшаңдыққа тәрбиелеп қана қоймайды, оның ақыл-ойының, пайым парасатының толысуына да жәрдемін тигізеді. Сабақ үрдісінде сабақтың тақырыбына орайластырып, ұлттық ойындар түрлерін тиімді пайдалану арқылы

оқушылардың бойында өжеттік, батылдық, шапшаңдық, ептілік, тапқырлық сияқты қасиеттерді қалыптастыруға, сондай-ақ күш-қуатын молайтып, денесін шынықтыруға болады. Ұлттық тәрбие – ұлт болашағы. Халықтың бай рухани қазынасынан сусындап, тәрбие алған ұрпақ білімді, ұлтжанды, кішіпейіл, үлкенді сыйлай білетін, еңбекқор болып өседі. Қазақ халқының ғасырлар тұңғығынан бері біте қайнасып келе жатқан ұрпақ тәрбиелеудегі тәжірибелері бізге сол рухани мәдениет, этикалық-эстетикалық құндылықтарын құрайтын ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер, әдеби, музыкалық, кәсіби, тарихи фольклорлар мазмұны арқылы жетіп отыр. Сонымен бірге, ұрпақ тәрбиесіне, жалпы халықтың рухани дамуына байланысты ұлттық тәлім-тәрбиелік ой-пікірлерді Қорқыт ата, әл Фараби, Қожа Ахмет Яссауи, Мұхамед Хайдар Дулати, Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари, Асанқайғы т.б. ақындардың мұраларынан, билер мен шешендердің тәлімдік сөздерінен көреміз.

Қазақ тілін оқытуда ұлттық құндылықтарды іріктеп сабақ үрдісінде тиімді қолдану арқылы интеллектуалдық деңгейі жоғары, рухани дүниесі бай, отаншыл тұлға қалыптастыруға болады. Осы мақсатта сабақ үрдісінде халықтың бай қазынасынан тәрбиелік мәні зор мақал-мәтелдерді, шешендік сөздерді, ақын-жыраулар шығармаларынан үзінділерді қолдана отырып, оқушыларды ұлтжандылыққа, адамгершілікке баулу мұғалімнің шеберлігін талап етеді.

Мысалы, қазақ тілінде септік жалғауларына байланысты төмендегідей тапсырма беруге болады:

1-тапсырма. Мәтінді мұқият оқы.

«Қамшы қайтару»

Ер-тұрман жабдықтарының ішінде қамшы киелі құрал болып саналады. Соған орай қамшы атауымен байланысты этнографиялық ұғым да көп. Мысалы, қамшы тастау, қамшы жұмсау, қамшы болу, қамшы қайтару, қамшы салу т.б. Қамшы қайтару – құдалық, яғни құда түсу жолында жасалатын жоралғы. Ұлына қалыңдық іздеген жігіт әкесі ауылдың ақсақалы мен азаматтарына және өз туған-туыстарына жолығып, шаруасын айтады. Бұған жанашырлар ақыл қосып, пәлен жерде жақсы отбасының бойжеткен қызы бар екенін хабардар етеді. Әрине, бұл жерде болашақ құдалардың текті жерден болуын қалайды. Сөйтіп жігіт әкесі өзінің беделді адамдарын ертіп қыз әкесінің үйіне барып құда түседі. Қонақасын ішіп аттанған жігіт әкесі өз қамшысын кереге басына іліп кетеді. Мұны көрген қыз әкесі келген кісілердің аты-жөнін, ата-тегін білгеннен кейін оларға тиісті жауабын беруі керек. Егер қыз басқа біреуге айттырылып қойса немесе қызын бергісі келмесе қамшы иесіне қайтарылады. Мұны қамшы қайтару дейді. Бұған жігіт әкесі ренжімейді. Қызға белгі тастаудан «біз шаншар» деген де жолы бар [4].

А) Мәтіннен септік жалғауы жалғанған сөздерді тауып, қай септіктің жалғауы екенін анықта.

Үлгі:

Мәтіннен үзінді	Септік жалғауы
1. Ер-тұрман жабдықтарының	Ілік септігі
2.	

Ә) Мәтіннен «қамшы» сөзі қатысқан тұрақты тіркестер қатарын толықтырып, мағынасын жаз.

Тұрақты сөз тіркесі	Мағынасы
1. Қамшы тастау	Сөз сұрау
2. Қамшы жұмсау	Сабау
3. Қамшы болу	Түрткі болу
4. Қамшысын алып келуге жарамады	Болбыр, қолынан дәнеңе келмейтін кісі
5. Қамшысын үйіреді де отырады	Ақырып, «бір шыбықпен айдайтын»

	зорлықшыл, озбыр кісі
6. Қамшы үйірді	Қорқытты, күш көрсетті
7. Қамшыдай қатты	1. Қамшыдай қатып арықтады, ашықты, жүдеді. 2. Бапталды.
8. Қамшылар жақ	Оң жағы деген мағынада (мініс көліктің сол жағы «мінер жағы», оң жағы – «қамшылар жағы» болады)

Осылайша, қазақ тіліндегі септіктерді өткенде оқушыларға септік туралы мағлұматтарын кеңейте отырып, ұлттық салт-дәстүр туралы мәлімет беруде тапсырмалар жүйесін осылай құрауға болады.

Жалпы білім беретін орта мектепте қазақ тілін оқытудың төмендегідей құндылықтық бағдарларын атап көрсетуге болады:

- Ұлттық тілге құндылық қатынас қалыптастыру арқылы өз ұлтының дәстүрі мен мәдениетін, тілі мен тарихын құрметтейтін тұлға қалыптастыру;
- Тілдің ұлттық құндылық екендігін санасына сіңіру арқылы, ана тілін құрметтеп, оны бағалай білетін, ұлттық тілді сақтауға үлес қоса алатын тіл жанашырын тәрбиелеу;
- Ұл тілінің көркемдігін түсіне білуге, оның мол мүмкіншілігін пайдалана білуге үйрету;
- Оқушылардың бойында ұлттық тілдің бай рухани қазынасы арқылы ұлттық сана, ұлттық намыс қалыптастыру.

Қорыта келгенде, жеке тұлғаның тілге құндылық бағдары ұлттық мәдениеттің құндылықтары туралы білімдерді саналы түрде ұғынып, меңгерумен анықталады, ал бұл процесс адамның санасына, зейініне, сонымен бірге ұлттық тіл және ұлттық мәдениет құндылықтары туралы білімдерді саналы меңгеруіне тікелей байланысты.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Қабдиева С. Ұрпақ тәрбиесіндегі адамгершілік мәселелері. //Бастауыш мектеп, №2, 2005. – 26-29 б.
2. Кон И.С. Психология юношеского возраста – М.: Просвещение, 1979. – 176 с.
3. Мырзахан А. Ел болудың бір жолы – ұлттық тәрбие// «Ана тілі», 20 қазан, 2011 жыл.
4. Қадашева Қ., Асанова У.О., Ашиқбаева Б.Г. Қазақ тілін туыс тіл ретінде оқыту әдістемесі (түркі тілдерінде сөйлейтіндер үшін). – Алматы: «Кантана-пресс», 2012. – 400 б.

ӘОЖ 811.512.122

#### **ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ «ҚОҢЫР» ТҮСІНІҢ КӨРІНІСІ**

**Мұхаметқалиева Ақерке Қадылбекқызы**

[jan55555@bk.ru](mailto:jan55555@bk.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 1-курс магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – Г.Мамаева

Кез-келген ұлттың мәдениетінде түр-түс әлемінің символдық мәні, сол ұлтқа тән ерекшеліктердің көрінісі бар. Басқаша айтқанда, «мәдениеттегі түс» арқылы халық өздерінің эстетикалық көзқарастарын, эмоционалды күйін, моральдық идеяларын білдірді. Біз қоршаған